

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова
Academician E. A. Buketov Karaganda University

**Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға
алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
10 сәуір 2024 жыл**



**МАТЕРИАЛЫ
Первой НеКонференции студентов физико-технического факультета «Первые шаги к
науке» посвященной дню науки, 10 апреля 2024 год**

Организатор и редакционная коллегия
Сериков Т.М.

Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің бірінші «Ғылымға алғашқы қадам» атты НеКонференциясы материалдары.– Қарағанды, 2024.–106 б.

Жинақта Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өткізген, Ғылым күніне арналған физика-техникалық факультеті студенттерінің «Ғылымға алғашқы қадам» атты бірінші НеКонференция қатысушыларының баяндамаларының материалдары жарияланады.

Конференция является частью учебного процесса по дисциплине «Основы научных исследований» и проводится для ознакомления обучающихся с формой проведения конференции!!!

жасқа толған студенттер каникул кезінде ғана жұмыс жасауы керек. Алайда өзіміз көріп жүргендей студенттер каникул кезінде емес оқу уақытында да жұмыс жасайды. Студенттер жұмыс жасайтын орындардың (кафе, мейрамхана, сауда орынданың) басшылығы студенттерді жұмысқа алмаймыз дегенмен олар студенттерді жұмысқа алуға мәжбүр болады. Алайда олар проблемадан қашып, қызыметкерлері туралы дұрыс ақпарат бермейді және ақшаларын құжат бойынша төлемейді.

Сауалнамада тағы мұғалімдердің студенттердің жұмыс істеуіне қалай қарайтынын сұраған болатын. Сонда студент: - Мұғалімдер қалай қарайды, олар нб қойып қояды, болды, деп жауап берген. Әрине мұғалімдер ондайға қатты қарайды.

ЖОО мұғалімдері студенттердің жұмыс істеуін құптамайтынын айтады. Олар себебін былай түсіндірді: Көп студенттер жұмыс деп сабаққа келуден қалады, сабақтан көп қалып, оны оқымаса ертең одан қандай маман шығады? Әрине өте нашар, сауатсыз маман. Біз тек олардың жақсы маман болып шыққанын қалаймыз.,- деп жауап берді.

Қала билігі “Студент жұмыс істесе, бұл- оның құқығы, бірақ ол сабағының нашарлап кететінін ұмытпаған жөн” дейді. Студенттің басты міндеті- сабақ оқып жақсы маман иесі болып шығу. Ия, жұмыс істеген дұрыс бірақ жұмыс деп өзіңізді жоғалтып, оқуға деген құлшынысыңызды кетіріп алмаңыз. Сіз болашақ маман иесісіз, ел болашағы сіздің қолыңызда соны ұмытпаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_students/27729540.html
2. <https://qamshy.kz/article/65959-zhoo-da-oqityn-studentter-stependiyasynynh-molsheri-artty>
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

Шмидт А., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Қалдыбаева С.Ж., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Зделеу Д.Е., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Кумисбекова А.Т., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші – доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М.)

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА ТҮСУГЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР

Мамандық таңдау мәселесі – адам өміріндегі ең күрделі және жауапты қадам. Ұнайтын мамандықты таңдау үшін адам ең алдымен өзің танып, мұқият зерттеу қажет. Себебі оқуға түсетін кездегі бағытын тікелей сенің болашағына әсер ететіні сөзсіз. Осыған орай жалпы орта білім беретін мектептердің барлығында кәсіптік білім беру мен кәсіптік бағдар қарастырылған. Яғни, бұл дегеніміз әртүрлі мамандықтар және сол мамандықтардың адамға қоятын талаптары жөнінде оқушыларды біліммен қаруландыру. Мамандық таңдау мектеп оқушысы үшін ғана емес, оның ата-анасы үшін де қиындық туғызады. Әдейі немесе байқаусызда ата-ана баласының қай жолды таңдайтынына айтарлықтай әсер етеді. Таңдауға әсер ету көптеген адамдар ойлағандай жаман емес, ең бастысы - жасына қарамастан, жеке қалаулары мен бақылау тәжірибесі бар балаға соңғы шешімді қабылдау құқығын бере отырып, оны агрессивті көндірусіз жасау.

Ата-аналар балалардың кәсіби бағдарлануына қалай әсер етеді?

1. Өзінің іс әрекеті арқылы балаларына үлгі көрсету.

Ата-анамыз дүниеге келгеннен-ақ қамқор болып, бізге үлгі-өнеге етеді. Егер ата-анамыз табысты мансапқа ие болса және жақсы өмір сүрсе, біз басқа мансап іздеуге тырысудың орнына, ата-анамыздың ізін басып, олар тоқтаған жерден жалғастырғанды жөн көреміз.

Мамандық таңдауымызға ата-анамыздың жақсы-жаман үлгілері үлкен әсер етеді. Ата-ана еңбек жолында озық болмаса да, олардың өмірлері бізге сабақ болып, еңбек жолында жіберген қателіктерін қайталамауға шақырады.

2. Үміттеріңіз бен армандарыңыз арқылы.

Ата-аналар балаларына ең жақсысын беру үшін көп жұмыс істейді. Олар баласы үшін қолынан келгеннің бәрін жасағаннан кейін, балаларынан күтетін белгілі бір үміттері мен армандары пайда болады.

Адам болашақ мамандығын таңдағанда ата-ананың үміті шынымен де үлкен әсерін тигізеді. Көптеген ата-аналар түсінбейтін нәрсе - балаларына өз армандары мен үміттерінің бар болуына мүмкіндік беруі керек. Ата-аналардың үміттері көбінесе балалары үшін ауыр жүкке айналады. Ата-анасының үмітін ақтай алмаған адамдар көбінесе өмірде өзін жабырқаңқы сезінеді.

3. Әртүрлі мамандықтарға деген көзқарасы арқылы.

Көптеген ата-аналар, әсіресе олар консервативті болса, мамандық таңдауға келгенде балаларының жүрегіне еруіне ешқашан жол бермейді. Олар балаға өздері мақұлдаған жолды таңдауға тырысады.

Соңғы 10 жылда көптеген ата-аналар білмейтін жаңа жұмыс орындары мен мансаптық мүмкіндіктер пайда болды. Дәл осы себепті, таңдағысы келген бағыт өте перспективалы болса да, ата-аналар мұндай әрекеттерді мақұлдауға асықпайды. Ата-аналардың көзқарасы қызмет саласын таңдауға әсер етеді, өйткені балалар ата-аналарының мақтаныш сезімін сезінуін қалайды.

4. Балаларына білім беру арқылы.

Жасөспірімнің мамандық таңдауына ата-анасы балаларына қандай білім беретініне қарай әсер етеді. Егер ата-аналар балаларына орташа деңгейден төмен мектепте нашар білім берсе, олардың мансаптық жетістіктерге жетуі екіталай.

Балаларының кәсіпте де, өмірде де табысты болғанын қалайтын ата-ана балаларына жақсы білім беруді мақсат етіп қояды. Кәсіби болашақты қарастырғанда мектеп пен достар маңызды рөл атқарады.

5. Балаларының бойына дарытқан қасиеттер арқылы.

Егер ата-аналар балаларына көптеген оң дағдылар мен қасиеттерді сіңіретін болса, онда бұл олардың балаға келешегі бар мансап бағытын таңдауына автоматты түрде мүмкіндік береді. Егер адам өзінің дағдылары мен қабілеттерінің жетіспейтінін білсе, ол өзінің жеке даму деңгейіне сәйкес келетін перспективасы аз бағытты таңдайды.

Осылайша, ата-аналар балалардың даму траекториясын анықтауға тікелей қатысады, кейде тіпті оны қаламаса да. Сондықтан, ата-ананың міндеті - өзін-өзі анықтау процесі балаға мүмкіндігінше аз жарақат алып келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Дұрыс тандалған мамандықпен жұмыс істеу - өмір сүрудің материалдық қана емес, моральдық та көзі болып табылады. Ал мамандық таңдауда неден қателеспеу керек және оған қандай факторлар әсер етеді?

Мамандық таңдауда жіберілетін қателіктер:


- кәсіптің таңымалдығының жетегінде кету;
- мамандық таңдауда деректердің жеткіліксіздігі;
- басқалар не таңдаса соны таңдау;
- ата-анасы үшін мамандық таңдау;

- жеке принциптерге байланысты таңдаулар. Яғни, шәкіртақының көлемі, не болмаса “ Диплом алсам болды” деген пікірді ұстану. Осы қателіктер мен факторлардың Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ-нің студенттері арасынан өзектілігін анықтау үшін біз сауалнама алып, зерттеулер жүргіздік. Сауалнама төмендегі сұрақтарды қамтыды:

1. Педагогикалық мамандыққа түсуге не себеп болды?
2. Сіздің таңдауыңызға шәкіртақының көлемі әсер етті ме?
3. Мамандығыңыздың пәні мен бағыты өз қалауыңыз ба?
4. Таңдаған мамандығыңыздың пәнін мектепте жетік меңгердіңіз бе?
5. Қандай квотамен жоғары оқу орнына түстіңіз?

Педагогикалық мамандыққа түсуге не себеп болды?


18 от



Сауалнама қорытындысы негізінде талдау жүргізіліп, "Педагогикалық мамандыққа түсуге не себеп болды?" деген сұрақтың "ата-ананың қалауымен", "отбасыда бәрі мұғалім болғандықтан", "өз қалауыммен түстім", "достарымның көбісі түскендіктен", "грант" деген нұсқалардың ішінен ең көп таңдау жинағаны - "өз қалауыммен түстім" - 77,8%-ды, "ата-ананың қалауымен" - 16,7%-ды, "грант" 5,5%-ды құрады.

Сіздің таңдауыңызға шәкіртақының көлемі әсер етті ме?

18 от




"Сіздің таңдауыңызға шәкіртақы көлемі әсер етті ме?" сұрағына 72,2%-ы "иә" деп жауап берген. Қазіргі таңда педагогикалық мамандыққа жоғарылатылған шәкіртақы төленеді. Жоғарылатылған шәкіртақының мақсаты - педагогика мамандығына деген қызығушылықты арттыру болатын. Сауалнама нәтижесі осы мақсаттың орындалғанының айқын көрінісі болып табылады.

Мекеме	2022 жылы	2023 жылы	2024 жылға жоспарланған
Колледж	20 948 тг	31 550 тг	100%

ЖОО	36 660 тг	41 898 тг	20%
Педагогика\медицина	58 800 тг	67 200 тг	20%
Магистратура	86 987 тг	97 024 тг	15%
Докторантура	195 000 тг	217 500 тг	15%


1-кесте. 2022-2024 жылдар арасындағы шәкіртақы көлемі.

Мамандығыңыздың пәні мен бағыты өз қалауыңыз ба?




"Мамандығыңыздың пәні мен бағыты өз қалауыңыз ба?" сұрағы бойынша: «иә, өз қалауым» - 72,2%, «өз қалауым, бірақ гранттың рөлі бар» - 16,7%, «жоқ, грант болғандықтан түстім»- 11,1%. Мамандықтарға бөлінетін гранттар санының ықпалы болғанымен, таңдау көбіне өз қалауымен жасалғанын байқауға болады. Дегенмен 11,1% ол қандай да болсын көрсеткіш. Яғни, студенттің мамандық таңдауына грант себепші болған жағдайда оның болашақта қызығушылығының оянуына кім кепілдік бере алады? Біздің мақсат осы көрсеткішті барынша төмендету.

Таңдаған мамандығыңыздың пәнін мектепте жетік меңгердіңіз бе?



«Таңдаған мамандығыңыздың пәнін мектепте жетік меңгердіңіз бе?»: «иә, бірақ тек мектеп бағдарламасы бойынша» - 50%, «иә, түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым»-22,3%, «толық меңгермегенмен жеткілікті білім алдым» - 16,7%, «жоқ, қызығушылығым болмады» - 11%. Сауалнама нәтижесінен мамандық пәні студенттің өз қызығушылығына сәйкес келетінін көрсетеді, алайда пәнге мүлде қызықпастан, осы бағытты таңдап түскен студенттерді байқап отырмыз. Өзі қалап таңдау жасаған адам бағыты бойынша әрқашан ізденісте болады. Және жоғары оқу орнына түспес бұрын студент өзіне сенімді болатындай білім алуы өте маңызды. Яғни, мектепте өткізілетін бағдарламадан тыс қосымша сабақтардың болуы оның болашақта біліктілігін арттырады.

Қандай квотамен түстіңіз?



«Қандай квотамен түстіңіз?» сұрағы бойынша: «серпін» - 50%, «жалпы грант» - 22,2%, қалған «ауыл квотасы», «көп балалы отбасынан», «акимат», «ақылы» деген нұсқалар 5%-дан жинаған. «Серпін» гранты оңтүстік өңірден студенттерді солтүстік өңірге жергілікті тұрғындарды рухани дамыту мақсатында оқытуды көздеген грант. «Серпін» нұсқасының басым дауыс жинағанында бұл орталық, солтүстікке жақын өңір екенін ескеру қажет. Қарағандыға оқуға түсушілердің басым бөлігі серпін бағдарламасы үшін түскенін көре аламыз. Бұл бағдарлама арқылы олар өз мамандығына төмен баллмен грантқа ие бола алады. Серпін бағдарламасы оңтүстік тумалары үшін жақсы мүмкіндік. Серпін грантында оқитын студенттер Солтүстік Қазақстанда 3 жыл жұмыс істеуге міндетті. Бұл бағдарламаның артықшылықтарының бірі студент тек қана грантқа ие болмайды, сонымен қатар жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Статистикадан гранттың мамандық таңдауда үлесі зор екенін және бұған дәлел - студенттердің басым бөлігі грантта болуы, тек 5% ғана ақылы бөлімде екенінен көзіміз жетті. Бұл көрсеткіш жылдан жылға үкіметтен педагогикалық мамандыққа деген қызығушылықты арттыру мақсатының іске асып жатқанының айқын көрінісі.

Сауалнама қорытындысы негізінде талдау жүргізіп, педагогикалық мамандықты таңдауға әсер ететін негізгі фактор ретінде: шәкіртақының жоғарылатылғаны, мектепте осы пәнге, мамандыққа деген қызығушылықтың бастау алуы, мемлекет тарапынан бөлінетін гранттардың көлемі, мамандықтың өзектілігі, яғни сұранысқа иелігі рөл атқаратынын анықтадық. Осы статистикада студенттің 77,8% өз еркімен түскендігі қуантарлық жайт деген мәмілеге келдік.

Жоғарыда айтылған себептерден педагог мамандығына түсуге әсер ететін нақты факторлар:

- Жеке сенімдері мен қызығушылықтары: Көптеген студенттер мұғалімдік мамандықты білімге деген құштарлығы мен студенттермен жұмыс істеуге деген ұмтылысына байланысты таңдайды.
- Мұғалімдер мен ата-аналардың ықпалы: Мұғалімдер мен ата-аналардың қолдауы көбінесе педагог мамандығын таңдауға әсер етеді.
- Қиындықтар мен алдын ала пікірлер: Кейбір адамдар жалақының аздығынан немесе мұғалімдерді құрметтемегендіктен мұғалім мамандығын таңдауда қиындықтарға немесе теріс пікірге тап болуы мүмкін.
- Қоғамның ықпалы: Мұғалімдердің жетіспеушілігі немесе білім беру мәселелері сияқты ағымдағы әлеуметтік мәселелер де мұғалім мамандығына кіру шешіміне әсер етуі мүмкін.
- Даму мүмкіндіктері: Мұғалім мамандығы беретін кәсіби және тұлғалық даму мүмкіндіктері де маңызды фактор болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Bizikova, L. A. (2009). Education in Kazakhstan: Pathways to development. *European Education*, 41(4), 30-43.
2. Zhangaliyeva, A. (2017). The choice of the future profession by students of higher educational institutions in Kazakhstan. *KazNU Bulletin of Philosophy and Social Sciences*, 5(87), 177-181.
3. Sadvakasova, L., & Moldazhanova, A. (2019). Analysis of the factors affecting the choice of a teaching profession by university students in Kazakhstan. *Journal of Education and Practice*, 10(35), 9-15.
4. Galymova, B. M., & Zhantayeva, G. A. (2016). Factors influencing students' choice of a teaching profession in Kazakhstan. *Middle-East Journal of Scientific Research*, 24(2), 442-448.
5. Kuzeyeva, A. N. (2018). Professional self-determination of students-potential teachers. *Electronic scientific journal "Psychology, Sociology, and Pedagogy"*, 3(27), 37-47.

Төлеубай Д.Ә., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФО-22-1к тобы, студент

Ерлік Ә.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Сакенова Ж.К., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФиИ-22-1к тобы, студент

Наурызбай А.Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, физика-техникалық факультеті, ФЕ-22-1к тобы, студент

(Ғылыми жетекші-доктор PhD, қауымдастырылған профессор Сериков Т.М)

"ФИЗИКА-ТЕХНИКАЛЫҚ" ЖӘНЕ "МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР" ФАКУЛЬТЕТТЕРІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БАКАЛАВР БІТІРГЕННЕН КЕЙІНГІ ЖОСПАРЛАРЫ

Студенттің алдына оқу бітірген соң жұмыс жасау, оқуды жалғастыру немесе басқа таңдау жасау қажет болады. Ол кезде жан жақты әсер етуші факторлар, алдын ала ойлаған болса жоспарларымен жүріп, өз ойларын іске асыратын болады. Солардың ішіндегі ең басты бағыттарын яғни жолдарды қарастырсақ.

Грантты мемлекет алдында өтеу - Парламент қабылдаған түзетулерге сәйкес грант алушыларға өз мамандығы бойынша мемлекеттік ұйымдарда кемінде үш жыл жұмыс істеуге тура келді. 2016 жылы «Білім туралы» Заңға мемлекеттік білім гранттары бойынша білім алған ЖОО түлектерін даярлауға қатысты өзгерістер енгізілді.

Шетелге оқуға түсу, ол дегеніміз магистратураны немесе екінші жоғарғы оқуды шетелде оқу, ол кезде грантты өтеу уақыты деп саналмайды, жалтарудың бір түрі болғанымен онында өтеуі болады.

Магистратура-бұл университеттік білімнің екінші деңгейі. Магистратурада даярлық жоғары білім беру базасында екі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Олар: ғылыми-педагогикалық және бейінді. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратурада оқу бағдарламасы 2 жылға немесе 120 ECTS-ке есептелген. Алынған біліктілік бітіруші түлектерге жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында жұмыс істеуге, оқытумен және зерттеу қызметімен айналысуға мүмкіндік береді.

Магистратура бағдарламалары қашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, күндізгі форматта меңгеріледі. Магистратураның білім беру бағдарламасы

МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Оразбай Е.К., Пазылхан Р.Б., Асылбеков Н.Д., Зекен Р. Кибералаяқтар.....	6
Аметова Д.Б., Иманов Д.Е., Алтаева А.Б., Сағидулла А.Б. Суицид среди студентов в Республике Казахстан.....	11
Бекенова.Г.К., Жалғасбаева.Ж.С., Серікжан А., Сапарова А.Б. Студенттердің жатақхана мен пәтер арасындағы таңдауы.....	17
Иманмұса Н., Әбдісерік М., Насұрлла Д., Жарова Ж. «Серпін» бағдарламасымен білім алушы студенттердің адаптация проблемалары.....	22
Саттыбай А.С., Әсілбек А.Н., Рахадыл Ә.А., Нарбева А.И., Жастардың әлеуметтік желіде уақыт өткізу статистикасы.....	26
Турысбеков А.М., Жұмаділлә Ж.Е., Орынбасар А.Т. Қазақ контенті-қоғам айнасы.....	30
Махметов М.Н, Маматова Д.Г., Женисбай А.Е., Байысова А.Б. Отношение студентов к проблеме окружающей среды.....	44
Апендина А.Қ., Нурболат Ж., Еркінбай А.Н., Орынбасар Н.Н., Қарағанды қаласының артықшылықтары мен кемшіліктері.....	49
Алшатова А.Н., Балташ Қ.Б., Турмаханова Б.К., Уалханова Ш.М. Қазақстан қалаларындағы адамдардың негізгі болмысы.....	54
Сардарова А.Ж., Файзуллаева Ж.Қ., Әскер Б.А., Амангелді А.Ж. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері таңдаған мамандығы бойынша мәселелері.....	58
Акылбекова Н.Ж., Мейрханова Т.Қ., Аюев Е.Ж., Әбдіхалық Н.Т. Физика және нанотехнология кафедрасы студенттерінің жалғыздық деңгейі.....	64
Ергеш Б.Б, Аманкелді А.С. Қайыржан А.Қ, Илесбай Л.Қ, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттер үйінде туындаған мәселелер.....	70
Сатымжан Д.Р., Назарбаева Д.Н., Кошкинбай А.А., Ербол.А. Қазіргі студенттердің ұялы телефондарына сараптама. Ұялы телефонға студенттердің қатынасы.....	75
Қалаби Н.Б., Батырша Ф., Нуркина А.Б., Студент және жұмыс.....	79
Шмидт А., Қалдыбаева С.Ж., Зделеу Д.Е., Кумисбекова А.Т. Педагогикалық мамандыққа түсуге әсер ететін факторлар.....	81
Төлеубай Д.Ә., Ерлік Ә.Е., Сакенова Ж.К., Наурызбай А.Б. "Физика-техникалық" және "Математика және ақпараттық технологиялар" факультеттерінде студенттердің бакалавр бітіргеннен кейінгі жоспарлары.....	86
Абдиразакова Ж.К., Қазытай Ж.А., Рамазанова М.Х., Төлеутаева М.Е, Физика-техникалық факультетінің студенттерінің бір айлық орташа шығыны.....	92
Смағұл Т.Е., Ғанижан М., Мәжит Н.Н., Динахан Д. Студенттердің бос уақытын қалай тиімді өткізетінін анықтау.....	98
Итенов Д., Алмасқызы С., Бек Б. Қазіргі жастардың театр өнеріне деген көзқарасы және қызығушылығының деңгейі.....	104